

## 2011 жылдың көктемі-күзінде 1984-1993 жылдары туған азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысының Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 734 қаулысы. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 сәуірде № 3-1-152 тіркелді. Өрекет ету мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімі аппаратының басшысының 2012 жылғы 20 наурыздағы № 05-11/599 хаты

**Ескерту. Өрекет ету мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімі аппаратының басшысының 2012.03.20 № 05-11/599 хаты.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 «Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығын іске асыру туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19, 20, 23 баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі шақыру күні 18 жасқа толған және мерзімді әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ, сол сияқты шақырылуын кейінге қалдыру құқығын жоғалтқан ер азаматтарды 2011 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізсін.

2. Қалалық шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне

(Қ.Қ.Сабыр, келісім бойынша) «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қарамағына бөлу ұсынылсын:

1) шақырылушыларға медициналық куәландыруды жүргізу үшін дәрігер-мамандар мен медбикелер және дәрігер-мамандардың резервтік құрамын;

2) 2011 жылғы 1 сәуірге дейінгі және 1 қазанға дейінгі аралықта «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне диспансерлік есепте тұрған шақыру жасындағы адамдардың тізімін, сол сияқты ауыратын шақырылушылардың жеке карталарын (Ф.025у) тапсыру;

3) қажет жағдайда «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жолдамасы бойынша шақырылушыларды қосымша медициналық тексеруден өткізуді қамтамасыз етсін, ол үшін бекітіліп берілген емдеу-профилактикалық ұйымдарға төсек-орынның қажетті санын бөлу;

4) шақыру кезінде стационарлық емделуде жатқан шақырылушылар туралы үш күннің ішінде «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне хабарлау.

4. Ақтөбе қалалық әділет басқармасы (В.Мәмбетова, келісім бойынша) әскери есепке алу құжаттарында әскерге шақырушылардың әскери есепке алынғаны немесе әскери есептен шығарылғаны туралы белгілері болған жағдайда тұрғылықты жері бойынша тіркеу немесе шығаруды іске асырсын.

5. Ақтөбе қалалық ішкі істер басқармасы (К.Мырзабеков, келісім бойынша):

1) шақырудың барлық кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін екі адамнан тұратын полиция нарядын бөлсін;

2) әскери міндетті орындаудан бас тартушы адамдарды іздестіруді және ұстауды жүргізісін;

3) жеті күндік мерзім ішінде «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне анықтау ісі немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырылушылар туралы хабарласын;

6. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және оқу орындарының басшыларына ұсынылсын:

1) әскерге шақырылушыларды іссапардан (еңбек демалысынан) шақырып алу, оларға хабарлауды ұйымдастыру және олардың шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз ету;

2) техникалық қызметшілердің қажетті санын бөлу.

7. Селолық округтер әкімдері «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша шақырылушыларға шақыру учаскесіне шақырылуы туралы хабарлауды және осы шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

8. Қала әкімі аппаратының әлеуметтік сала және мәдени дамыту мониторингі бөлімі (М.Кабыл) және «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы»

мемлекеттік мекемесінің келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерді жинақтау және әскерге шақыру бөлімінің бастығымен (Ж.Әбдіқалық) бірлесіп шақырылушылар арасында тәрбие жұмыстары бойынша іс-шаралар өткізсін.

9. Шақыруды жүргізу кезінде шақыру учаскесіне жұмыс істеуге жолданған шақыру комиссиясы мүшелерінің, медициналық, техникалық қызметкерлердің жұмыс орны, лауазымы, орташа жалақысы сақталады.

10. «Ақтөбе қалалық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Р.Айдашева) шақыру бойынша іс-шараларды орындауға байланысты шығындарды қаржыландыруға қаржы бөлсін.

11. «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі (В.Глушко) қала әкіміне 2011 жылдың 5 шілдесіне және 2012 жылдың 5 қаңтарына шақыру қорытындылары бойынша ақпарат берсін.

12. Ақтөбе қаласы әкімінің 2010 жылғы 17 мамырдағы № 1355 «2010 жылдың көктемі-күзінде 1983-1992 жылдары туған азаматтарды әскери қызметке кезекті шақыру туралы» қаулысының (2010 жылғы 31 мамырдағы нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3-1-137 болып тіркелген, 2010 жылғы 8 маусымдағы № 70 «Актюбинский вестник» және «Ақтөбе» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

13. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.М.Қалдығұловаға және «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы міндетін атқарушы В.Глушкоға жүктелсін.

14. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі А.Мұхамбетов  
Қала әкімдігінің 2011 жылғы  
28 наурыздағы № 734 қаулысына  
ҚОСЫМША

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2011.08.15 № 2085 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

### Қалалық шақыру комиссиясының құрамы

Сәрсенбинов - «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері  
Айдын Жақыпбекұлы жөніндегі басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы, комиссия төрағасы  
Мұңлықова - Ақтөбе қаласы әкімі  
Әсел Талғатқызы аппаратының әлеуметтік сала

және мәдени дамыту мониторингі  
бөлімінің бас маманы, комиссия  
төрағасының орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

Әлиев - Ақтөбе қалалық ішкі істер  
Қанат Советұлы басқармасы бастығының  
орынбасары

Нұрғазиева - № 2 қалалық емхананың  
Гүлжиян Рақымғалиқызы медициналық бақылау  
комиссиясының төрайымы,  
медициналық комиссия төрайымы

Сухобрус - № 3 кеңес беру-диагностикалық  
Наталья Михайловна емхананың мейірбикесі,  
комиссия хатшысы

**Резерв:**

Глушко - «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері  
Владимир Николаевич жөніндегі басқармасы»  
мемлекеттік мекемесі  
бастығының орынбасары,  
комиссия төрағасы

Қабыл - Ақтөбе қаласы әкімі  
Мадьяр Рақымжанұлы аппаратының әлеуметтік сала  
және мәдени дамыту мониторингі  
бөлімінің бастығы

**Резервтік комиссия мүшелері:**

Мырзабеков - Ақтөбе қаласы ішкі істер  
Кайрат Мақсатұлы басқармасының бастығы

Иманбердиева - № 4 қалалық емхананың бас  
Роза Арыстанбекқызы дәрігерінің орынбасары,  
медициналық комиссия төрайымы

Байтерекова - медициналық жедел жәрдем  
Жанар Жағыпарқызы емханасы қабылдау бөлмесінің  
мейірбикесі, комиссия хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК